

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дивидендтік саясаты

Есеп базасы: дивиденд мөлшері өткен қаржылық жыл ішіндегі шоғырландырылған еркін ақша ағыны (FCF) базасында есептелінеді.

- Операциялық қызметтен ақша қаражаты
- Негізгі құралдарды сатып алу (соның ішінде негізгі құралдар үшін аванс)
- Материалдық емес активтерді сатып алу
- Кен орындарын қазу бойынша активтерді сатып алу
- Бағалау және барлау активтерін сатып алу
- + Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардан дивидендтер, есептік
- кезең ішіндегі қызмет нәтижелері бойынша бөлінуге
- **FCF (шоғырландырылған еркін ақша ағыны)**

Егер Таза борыштың (Net Debt) / Adj.EBITDA аяқталған күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны күнінің аяғындағы жағдай бойынша келесіні құраса:

- 1) 1-ден аз немесе тең, дивидендтер төлеу пайызы FCF-тің кемінде 75%-ын құрайды;
- 2) 1-ден артық, бірақ 1.5-тен кем, дивидендтер төлеу пайызы FCF-тің ең азы 50%-ын құрайды;
- 3) 1.5-тен артық немесе тең, дивидендтер төлеу пайызы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша анықталатын болады.

Net Debt - Борыш (*Debt*) сомасы мен Уақытша бос ақшалар арасындағы айырма, бұл ретте:

Борыш (Debt) қарыздар бойынша баланстық міндеттемелердің (несиелерді, облигацияларды, қаржылық жалдауды немесе қарызға алудың коммерциялық әсеріне ие мәмілелер бойынша басқа міндеттемелерді қоса) және қаржылық кепілдіктер бойынша баланстан тыс міндеттемелердің сомасы ретінде есептеледі.

Уақытша бос ақшаларға шоттардағы ақшалай қаражат және мерзімі 12 айға дейінгі қысқамерзімдік депозиттер кіреді.

Adj.EBITDA - салыққа дейінгі пайда – қаржылық табыстар + қаржылық шығыстар +/- бағамдық айырма + тозу және амортизация + құнсызданулар – құнсыздануды қалпына келтіру +/- біржолғы және жеке-дара оқиғалар.